

Хорасан Ата кесенесі

Хорасан Ата кесенесі тік төрт бұрышты етіп күйдірілген кірпіштен қаланған, негізінен екі бөлімді. Сыртқы жалпы өлшемі, қабырғалардың ұзындығы 16,35 м, ені 8,20 м екі күмбезді, алдыңғы күмбездің жерден есептегенде ұшар басына дейінгі биіктігі 12 м, екінші күмбездің биіктігі 14 м шамасында. Бірінші күмбез сыртқы жиектері тұтасып қаланған мойын арқылы кесененің үстіне сегіз қырлы барабан арқылы орналасқан, ерекше нақышпен қаланған глазурлі (шыңылтыр) өрнегі жоқ. Күмбездердің төменгі мойын бөлігінде бірнеше жерден жарық сәулесі түсетіндей етіп терезе ойықтары қойылған. Кесененің сыртқы қабырғалары түйіскен, төрт бұрышы үш ширектік дінгекпен нақышталып қаланған. Бұл дінгектер тіреуіш ретінде емес, сәндік үшін қаланған. Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің солтүстік порталындағы үш ширектік дінгекті еске түсіреді. Кесененің бірінші бөлігі Хусейн атаға арналып соғылған, екінші бөлігі Хусейн атаның әкесі Әбдіжәлил бапқа (Хорасан Ата) арналып салынған, екі бөлім орталық қабырға арқылы бір бірімен тұтасып қаланған.

Зиярат жасаушылар алдымен Әбдіжәлил баптың ұлы Сұлтан Хусейн мүрдесі жерленген бірінші бөлімге кіріп, тәуәп етеді. Бөлменің қабырғалары төрт бұрышты, үстіңгі жағы күмбезделген. Тік төрт бұрышты қаланған бөлменің төрт бұрышында жоғары жағы жебенің ұшы тәрізді аркадан тұратын, науа пішінді қуыс-ойық қалдырылған. Ойық қалдырып қаланған бұл тәсілден бөлменің ішкі бөлігі сегіз қырлы немесе сегіз бұрышты болып та көрінеді. Бөлменің ортасында Хусейн атаның қабірі жатыр. Қабірдің жербетілік бөлігі екі бөліктен тұрады, төменгі бөлігі тік төрт бұрышты ұзындығы 3 м, ені 1,2 м, биіктігі 0,95 м, ақшыл сарғылт мәрмәр таспен қапталған. Оның үстіңгі бөлігі қара граниттен өрілген, мөлшері: ұзындығы 2 м, ені 0,55 м, биіктігі 0,80 м. «Әбдіжәлил Баб ұлы Хусейн-ата. ІХ-Х ғ.» деген жазу жазылған. Бөлмеде мұнан басқа, жеті қабірдің сұлбасы жасалған. Олар сыртынан әк пен құмды гипспен араластырып сылаған болуы керек. Оның біреуіне: «Құдайқұл ХІ ғ. Әбді Жәлел Бабтың ұрпағы» деп жазылған мәрмәр тас қойылған. Кесененің екінші бөлмесіне Әбдіжәлил бап (Хорасан ата) мүрдесі жерленген. Бұл бөлме Әбдіжәлил бапқа (Хорасан Ата) арналған. Бөлме тәрізді төрт бұрышты етіп қаланған. Шаршы болып келген бөлменің өлшемі – ұзындығы 6,60 м, ені 6,20 м. Төрт бұрышында науа-астау пішінді қуыс қаланған. Бұл ойықтың ұшы жебе тәрізді арка болып біткен. Бұрыштарына ойық қуыс қалдырып қаланған бөлменің ішкі жағы бір қарағанда сегіз бұрышты болып көрінеді. Бөлмеге кіретін есігі кесененің батыс жағында, екі жақтаулы, ағаштан жасалған. Хорасан Ата қабірінің өлшемі 2,10x0,90x1,05 м, қара гранитпен қапталып, «Әбдірахман ұлы Әбдіжәлил (Хорасан Ата) VIII-IX ғ.» деп жазылған. Бұл бөлмеде де бірнеше қабірдің сұлбасы жасалынған. Кесененің батыс жақ қабырғасына жапсарлатып тілеухана салынған. Оған кіретін есік солтүстік-батыс жағында, терезесі бар.

Хорасан Ата кесенесіне 2006-2007 жылдары қайта жаңғырту және қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Хорасан Ата кесенесінің қайта жөндеуден өткенге дейінгі күмбездері ақшыл сұр түсті қаңылтырдан жасалған еді. Соңғы жөндеу, қайта жаңғырту барысында Қазақстанның оңтүстік бөлігіне тән үлгіде қышпен өрілді. Бұл күрделі жөндеу жұмыстарын Өзбекстаннан әкелінген шеберлер жүргізді. Кесененің күнбатыс жағында 100-110 м шамасында Меккедегі Қағбаның көшірмесі орналасқан. Хорасан атаға зиярат етуге келгендер Қағба көшірмесін жеті рет айналып, Меккедегідей қажылықтың ғұрыптарын жасайтын болған. Бұл ғимарат киелі орнын мақсатында емес, қажылық ғұрыптарына жаттығу мақсатында салынған және осы мақсатқа пайдаланылған. Жергілікті құрылыс материалдары ретінде саз балшықтан соғылған Қағба көшірмесінің ішіне кіретін есігі солтүстік шығыс тұсында. Ішіне кірген ғибадат етуші еденіне жайнамаз төсемей-ақ, дүниенің төрт бұрышының кез-келген бағытына намаз оқыса да, Меккедегі оқыған намаздың сауабын табады деседі. Қожа Ахмет Иасауи Хорасан Атаға зиярат ете келгенде:

*Тоқсан машайхны артыңда көрдім,
Қаабаны Мәккәні алдыңда көрдім,
Рахым ете көр, бабам Хорасан, –*

деп хикметіне қосып айтқанда осы қасиетті орынды меңзеп тұр.

Хорасан Ата мазарындағы Қағба көшірмесінің өлшемі - әлемнің төрт бұрышына қарап салынған, қабырғаларының ұзындығы 6,5х6,5 м, биіктігі 5 м шамасында. Қағбаның көшірмесі бұрыңғы орнының үстіне 1995 жылы қайта қалпына келтірілген. Қағбаның ішінде байырғы дуалдардың ізі сақталған. Қаба көшірмесінің солтүстігіндегі құдықтан зиярат етушілердің су алып ішуі де зиярат ету ғұрыптарының бірі.

Мақала «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы аясында жарық көрген «Жаңақорған» ғылыми-көпшілік энциклопедиясының материалдары негізінде дайындалды.